

Бауыржан Серікбаев¹, Ерболат Сергазин²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Саясаттану» мамандығының докторанты
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: sayasat.kz86@mail.ru

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Саясаттану» кафедрасының доценті, PhD
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: sergazin1958@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ӘКІМДЕРІН
САЙЛАУДЫҢ ПАРТИЯЛАР АРАСЫНДАҒЫ
БӘСЕКЕНІ АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

Аңдатпа. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында Орталық Азияда бірінші рет әкімдер сайлауы өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мырза 2020 жылы халыққа арнаған жолдауында ауыл әкімдерін сайлаудың маңыздылығын атап өткен болатын. Президент бастамасына сәйкес заң жобасы дайындалып Парламентте қабылданды. Елімізде тіркелген алты саяси партия әкімдер сайлауында белсенділік танытып, Қазақстан бойынша барлық саяси партияның өкілдері ауыл әкімі болып сайланды деуге толық негіз бар. Бұл саяси процесті жандандырып, партиялар арасындағы бәсекені арттыратын маңызды реформа. Әкімдердің сайлануы жергілікті өзін-өзі басқару институтын дамытатын, ауыл кеңестері арқылы әкім мен халықтың бірлесе жұмыс істеу механизмдерін бір жүйеге келтіретін болады. Бұл Қазақстан үшін өте маңызды әрі қажетті саяси реформалардың бірі. Осы мақалада ауыл әкімдері сайлауына жан-жақты тоқталып, алдағы сайлауларды жетілдіру үшін ұсыныстар енгізу қарастырылды.

Түйін сөздер: *әкім, сайлау, саяси партия, саясат, реформа.*

Бауыржан Серикбаев, Ерболат Сергазин
РОЛЬ ВЫБОРОВ СЕЛЬСКИХ АКИМОВ В КАЗАХСТАНЕ В
УСИЛЕНИИ КОНКУРЕНЦИИ МЕЖДУ ПАРТИЯМИ

Аннотация. Впервые в Центральной Азии в Республике Казахстан прошли выборы сельских акимов. В своем Послании к народу в 2020 году Президент Касым-Жомарт Токаев подчеркнул важность избрания сельских акимов. По инициативе Президента закон был подготовлен и принят Парламентом. Есть все основания полагать, что шесть зарегистрированных в стране политических партий активно участвовали в выборах акимов, а представители всех политических партий Казахстана были избраны акимами сел. Это важная реформа, которая будет стимулировать политический процесс и усилит конкуренцию между партиями. Выборы акимов будут способствовать развитию института местного самоуправления, унификации механизмов взаимодействия акима и населения через сельские советы. Это одна из самых важных и необходимых политических реформ для Казахстана.

В данной статье основное внимание уделяется выборам сельских акимов и рассмотрены рекомендации для совершенствования дальнейших выборов.

***Ключевые слова:** аким, выборы, политическая партия, политика, реформа.*

Bauyrzhan Serikbayev, Erbolat Sergazin
THE ROLE OF ELECTION OF RURAL AKIMS IN KAZAKHSTAN
IN INCREASING COMPETITION BETWEEN PARTIES

Abstract. For the first time in Central Asia, first-ever election of akims of rural districts are being held in the Republic of Kazakhstan. In his message to the people in 2020, President Kassym-Zhomart Tokayev noted the importance of electing rural akims. On the initiative of the president, the law was prepared and adopted by the parliament. Six political parties registered in the country actively participated in the elections of akims, and representatives of all political parties in Kazakhstan were elected akims of villages. This is an important reform that will stimulate the political process and increase competition between parties. The elections of akims will contribute to the development of the institution of local self-government, unification of the mechanisms of interaction between the akim and the population through village councils. This is one of the most important and necessary political reforms for Kazakhstan.

This article focuses on the elections of rural akims and provides recommendations on their achievements and directions for improvement.

Key words: *akim, elections, political party, politics, reform.*

Кіріспе

Саяси партиялар демократиялық процестін ажырамас бөлігі. Партиялар бүгінгі таңда Парламент, президент сайлауына қатысып, халық атынан мемлекеттік басқару тетіктеріне келетін, тікелей саяси партиялардың қатысуымен демократиялық процестер іске асатын маңызды саяси институт.

Қазақстанда соңғы екі жылда пандемия шарттарына қарамастан праймериз, Парламент сайлауы, ауыл әкімдерін сайлау сынды үлкен саяси процестер іске асуда. Әлемде болып жатқан ғаламдық трендтер мен өзгерістер Қазақстандағы саяси реформалардың іске асуына, партиялардың жұмысы мен халықпен байланыс орнату тәсілдерінің заман шарттарына сай жетілдірілуіне ықпал етуде.

2020 жылы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауында президент Қасым-Жомарт Тоқаев мырза ауыл әкімдерінің сайлауын өткізу туралы бастама көтерді. Президент «Мысалы, қоғамдық пікір сауалнамалары ауыл әкімдерінің сайлау арқылы қызметке келуіне қатысты сұраныстың артқанын көрсетіп отыр. Бұл маңызды қадамды жан-жақты ойластырып, дәйекті түрде жүзеге асырған жөн. Мұндай жүйенің қалай жұмыс істейтінін нақты білуіміз керек. Алайда бұл мәселенің шешімін кейінге қалдыруға болмайды» деп елімізде ауыл әкімдерін сайлаудың маңыздылығын атап көрсетті [1].

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері

Мақалада сандық және сапалық, салыстырмалы зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Әкімдер сайлауы жайлы Орталық сайлау комиссиясының, саяси партиялардың қорытынды мәліметтері қолданылды.

Жеке авторлық зерттеу элементі ретінде әкімдер сайлауының барысымен тікелей танысу үшін жергілікті жердегі ауылдарға бару, халықпен тілдесу, кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстарын бақылау, сайлауалды бағдарламаларын сараптау, сайлаушылармен кездескенде көтерілген тақырыптар мен сұрақтарды талдау, кандидаттардың халық даусын алу үшін қолданған саяси технологиялары сарапқа салынды. Әкімдер сайлауы мұндай

кең масштабта Қазақстан мен Орта Азияда бірінші рет өтіп отырғандықтан негізінен Қазақстанда өткен әкімдер сайлауының қорытындысына, сайлау процесінің барысына сараптама жасалды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Бүгінгі заманға сай саяси партиялар XIX ғасырда Европа елдерінде батыстық үлгідегі демократия мен буржуазиялық қарым-қатынастардың орнауымен пайда бола бастады. Латын тілінен алғанда партия дегеніміз (partis - топ, қауымдастықтың бір бөлшегі) деген мағынаны білдіреді. Ерте заманда мемлекеттік басқару құрылымында белгілі бір лидерді қолдау мен әлеуметтік, мемлекеттік мәселелерді көтеру мақсатында саяси ұйымдар мен топтар жұмыс істеген. Алайда ол ұйымдар уақытша құрылып, саяси элита арасындағы белгілі бір мәселелер шешілгеннен кейін тарқап отыратын уақытша функцияны атқарып келді.

Саясаттану ғылымында М.Вебердің саяси партиялардың қалыптасу этапын үш кезеңге бөліп қарастыратын тұжырымы қабылданған. М.Вебердің пікірінше партиялардың қалыптасу кезеңдері:

1. Ақсүйек үйірмелер
2. Саяси клубтар
3. Бұқаралық партиялар

Дегенмен саяси партиялар құрылуы үшін аталған үш кезеңнен толық өтуі міндетті емес. Мысалы, А.Боднар алғашқы екі кезеңді саяси партиялардың қалыптасу кезеңіне жатқызуды ұсынады. Саяси партиялардың үш кезеңнен тұратын классикалық қалыптасу жолынан Англияның либералды (виги) және консервативті (тори) саяси партиялары ғана өтті [2].

Қазіргі үлгіге ұқсас саяси партиялардың құрылуы Европада XIX ғасырдың екінші жартысында іске асты. Дәл осы кезеңде саяси партиялар саяси клубтар деңгейінен өсіп халықты үгіттеу, саяси сауаттандыру, пропаганда, тәрбиелеу және мәдени іс-шаралармен айналыса бастады. 1861 жылы Англияда бірінші либералды саяси партия құрылды. АҚШ-та саяси партиялар 1830 жылдары президент Эндрю Джексонның кезінде құрыла бастаса, Франция мен Еуропаның өзге елдерінде парламенттік топтар мен саяси клубтардың бұқаралық партияларға айнала бастауы 1848 жылғы революциямен тікелей байланысты. 1863 жылы Ф.Лассальдің бастамасымен қарапайым жұмысшыларды біріктірген - неміс жұмысшыларының жалпы одағы құрылды.

XIX ғасырдың соңына қарай Батыс Еуропаның көптеген елдерінде социал-демократиялық саяси партиялар құрыла бастады. Бұл процеске парламентаризм институтының күшеюі, жұмысшылар одағының құрылуы, плюрализм мен азаматтық қоғамның дамуы септігін тигізді.

Саясаттану ғылымында саяси партияларға көптеген анықтамалар беріледі. Бірақ қазіргі заманғы саяси партиялардың ең жалпы көріністегі, саяси ғылымдарда айтарлықтай кең тараған анықтамасы мынау болып табылады: «Саяси партия – бұл қоғам бөлігінің мүдделерін білдіретін және олардың артикуляциялануы мен жүзеге асырылуын өздерінің міндеті санайтын, мемлекет жүйесінде әрекет ететін ұйым. Партия осы мүдде негізінде саяси билікті жеңіп алу және жүзеге асыру үшін күрес жолына түседі» [3].

Саяси партияның қазіргі партологияларын Дж. Лапаломбара және М. Вейнер қалыптастырып, төрт негізгі белгілерін «Саяси партиялар және саяси даму» жұмысында көрсеткен:

- уақыт бойынша ұйымның үздіксіздігі, ұйымның беріктігі;
- ұлттық деңгейде басшылықпен тұрақты қарым-қатынас жасайтын жергілікті ұйымдардың тармақталған желісінің болуы;
- билікті жеңіп алуға және жүзеге асыруға ұмтылу;
- жақтастар мен ізбасарларға қамқорлық жасау, бүкілхалықтық қолдауға ұмтылу.

Негізгі бөлім

Қазіргі таңда әлемде пандемия шарттарына қарамастан көптеген елдерде президент, Парламент және жергілікті сайлаулар уақытылы өтуде. Мысалы, 2021 жылы қыркүйекте өткен Ресейдегі Мемлекеттік дума сайлауы, 2020 жылы АҚШ-та өткен президент сайлауы, 2021 жылы қазан айында Грузияда өткен жергілікті сайлаулар пандемия шарттарында саяси науқанның өте тартысты өткенінің айқын көрінісі. Бұл өз кезегінде партиялар арасындағы бәсекенің артуына ықпал етеді. Саяси партиялар да пандемия шарттарында жұмыс істеуге бейімделіп, электораттың даусын алу үшін жаңа саяси технологияларды қолдануда.

Қазақстанда да пандемия шарттарына қарамастан Орта Азияда бірінші болып ауыл әкімдерін сайлау реформасы іске асты. Бұл елді демократияландыру мен саяси партиялар арасындағы бәсекені арттыратын прагматикалық бағыт. Ауыл әкімдері сайлауының алғашқы жылында елімізде тіркелген барлық саяси партиялардың кандидаттары әкім болып сайланды.

Қазақстан үшін ауыл әкімдерін сайлау алдағы жылдары саяси мәдениет пен өркениетті демократиялық құндылықтарды қалыптастыратын болады. Ауыл әкімдерін сайлаудың Қазақстан үшін әкелер тиімді тұстары:

Біріншіден, ауыл әкімдерін сайлаудың алғашқы жылында елімізде тіркелген барлық саяси партиялардың өкілдері әкім болып сайланды. Бұл процесс алдағы жылдары халықтың санасында қай партияның өкілі қандай нақты істер атқарды деген қоғамдық салыстырмалы анализді қалыптастырады. Саяси партиялардың жергілікті халық алдындағы беделі сол партиядан сайланған әкімдердің нақты практикалық істері арқылы бағаланатын болады.

Екіншіден, саяси партиялардың өз әкімдерінің тиімді жұмыс атқаруына деген мүдделілігі артады. Партиялар арасындағы бәсекелі формат күшейеді. Елімізде қазіргі таңда ресми тіркелген алты саяси партия бар. Олар:

№1-кесте. Қазақстан Республикасында ресми тіркелген саяси партиялар тізімі.

№	Партиялардың атауы	Құрылған уақыты	Партия мүшелерінің саны
1	«Nur Otan» партиясы	1999	850 000
2	«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	2000	298 564
3	Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы	2002	255 800
4	«Адал» саяси партиясы	2013	111 875
5	Қазақстан Халық партиясы	2004	105 000
6	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	2006	16000

** Ескертпе. Автор жасаған. (Ақпарат саяси партиялардың ресми сайттарынан алынды)*

Үшіншіден, бүгінгі таңда ауыл әкімдерін сайлауда кейбір жағдайда жершілдік пен рушылдық факторлары көрініс беруде. Бірақ Қазақстан қоғамы бұл жолдан өтуі тиіс. Алдағы сайлауларда ауыл халқы әкімдердің жұмысына баға бере отырып, өзімен көрші отырған ауылдарда атқарылған істерді салыстыра келе жұмыс істейтін әкімдерді, нақты еңбегі сіңген партия өкілдерін таңдайтын болады. Бұл процесс саяси мәдениет пен өркениетті демократияға жету үшін біз жүріп өтуіміз тиіс жолдың бастамасы ғана.

Төртіншіден, ауыл әкімдерін жоғарыдан тағайындау мемлекеттік басқарудың тиімділігін төмендететін фактор. Әкімдерді тағайындау кезінде ауылдағы кіші мәселелердің өзінде жергілікті халық тікелей орталықты кінәлайтын. Ауыл әкімін халықтың өзі сайлауы, «**Ауыл кеңесі**» арқылы әкімнің жұмысына тұрғындардың араласуы Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару институтын дамытатын болады. Ауыл тұрғындарының жауапкершілігін де арттырады.

Жергілікті өзін-өзі басқару тақырыбын зерттеуші саясаттанушы маман Е.Сергазиннің пікірінше өкінішке орай бүгінгі таңда Қазақстан қоғамында өмір сүруге жайлы ортаны қалыптастырумен, жемқорлықпен күреспен, азаматтардың мәдениетін көтерумен тек қана мемлекет айналысуы қажет деген көзқарас басым. Бірақ қазіргі заманда бұл мәселелерді жергілікті басқару органдары тұрғылықты халықты тарту арқылы да шешуі керек. Ел азаматтарының өзі де қордаланған мәселелерді шеуге ат салысып, жергілікті жердегі басқару органдарының жұмысын бақылауға алуы тиіс.

Қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізі Конституция (89-бап), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңы (көптеген өзгерістерімен және толықтыруларымен) және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығы болып табылады.

Бұл құжаттарда жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясындағы муниципалды демократияның жалпыға бірдей танылған құндылықтары бекітілген, сондай-ақ ТМД Парламентаралық Ассамблеясы дайындаған Модельдік заңның ережелері ескеріліп, жергілікті өзін-өзі басқаруды «Конституция мен мемлекет заңдарына сәйкес жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу бойынша муниципалдық құрылымдар халқының дербес және өз жауапкершілігімен жүзеге асырылатын халық билігін іске асыру нысаны» деп түсіндіреді.

Қазақстан Конституциясының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» атты VIII бөлімі жергілікті өзін-өзі басқаруды реттеуге арналған. Конституцияның 89-бабының 1-бөлігі «Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады» деп белгілейді.

Осы баптың екінші бөлігінде: «Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады» делінген. Конституция сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды беру құқығын реттейді [4].

Ең бастысы елімізде ауыл әкімдерін сайлаудың заңдық негізі толық бекітілген. «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» заңында жергілікті аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін сайлау жергілікті атқарушы органдардың бюджеті есебінен қаржыландырылады деп белгіленген. Атап айтқанда заңның 33 бабында «Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін сайлау жергілікті атқарушы органдардың осы мақсаттар үшін ашылатын шоттары арқылы жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландырылады. Осы мақсаттарға арналған бюджет қаражатына билік етуді аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленеді» деп реттелген [5].

Бесіншіден, әкім сайлауы кезінде кандидаттар халықтың даусын алу үшін саяси бәсекеге түсіп, үй-үйді аралап, халық алдында дебатқа шығып, саяси технологияның қыр-сырын меңгерді. Бұл процесс елімізде саяси бәсеке мен демократиялық процестерді дамытатын оң факторлардың бірі.

Ауыл әкімдерін сайлау практикасы көрсеткендей Қазақстан қоғамында әкімдерді сайлауға деген халықтың көзқарасы оң. Қоғам мен ауыл тұрғындарының басым бөлігі әкімдерді сайлау реформасын қолдайды. Мұның басты себептерінің бірі еліміздегі саяси реформаға деген сұраныстың артуы. Жергілікті жерлерді аралап, халықпен кездесу барысындағы зерттеу нәтижесі көрсеткендей «Тағайындалған әкім халыққа бағынышты емес» деген қоғамдық ойдың басымдығы Қазақстанның барлық өңірінде байқалады.

Ауыл әкімдері сайлауының тағы бір ерекшелігі «**Ауыл кеңесі**» арқылы әкімнің жұмысына бақылау орнатуға болатын мүмкіндіктердің заңнамалық тұрғыда бекітілуі. Ауыл әкімі қызметіне сай болмаса «Ауыл кеңесі» арқылы жергілікті мәслихатқа әкімді қызметінен алу туралы мәселені көтере алу функциясының енгізілуі реформаның тиімді іске асуы үшін қажетті факторлардың бірі.

Қазақстанда ауыл халқының сайланатын әкім кандидатурасына қатысты төмендегідей принципті көзқараспен қарайтын мәселелер бар:

- Сайланатын әкімнің сол ауылдың өзінде тұрақты тұратын азамат болуы.
- Бұрынғы қызметте атқарған жұмыстары мен елге сіңірген еңбегі.
- Кандидаттың ауыл-аймақтағы қоғамдық беделі.

№2-кесте. Қазақстанда өткен ауыл әкімдері сайлауының негізгі көрсеткіштері [6].

Дауыс берушілер саны	1 миллион 200 мың
Республика бойынша сайлау учаскелері саны	1847
Сайлауға түскен кандидаттар саны	2297
Саяси партиялардан түскен кандидаттар саны	878 (38,2%)
Өзін-өзі ұсынушы кандидаттар саны	1 419 (61,8%)
Кандидаттар ішіндегі ер азаматтар	1839
Кандидаттар ішіндегі әйел азаматтар	458

Қазақстанның барлық аймақтарында әкімнің жастар арасынан сайлануы халық тарапынан дұрыс бағаланады. «Жастар жаңашылдық әкеледі» деген қоғамдық сенім басым. Мұның астарында қоғамдағы өзгеріске, жаңашылдыққа деген ұмтылыс жатыр.

№3-кесте. Орталық сайлау комиссиясының мәліметтеріне сәйкес Қазақстандағы алғашқы ауыл әкімдері сайлауының қорытындысы [7]

Партиялар атауы	Ақмола облысы	Ақтөбе облысы	Алматы облысы	Атырау облысы	Шығыс Қазақстан облысы	Жамбыл облысы	Батыс Қазақстан облысы	Қарағанды облысы
Сайлау өткен округтер саны	95	35	71	18	77	38	31	75
Сайлауға қатысқан жалпы кандидаттар саны	290	105	235	52	232	111	81	257
«Nur Otan» партиясынан сайланған әкімдер саны	74	28	57	15	60	31	22	56
«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан сайланған әкімдер саны	1	2	3	0	11	1	1	3

Партиялар атауы	Ақмола облысы	Ақтөбе облысы	Алматы облысы	Атырау облысы	Шығыс Қазақстан облысы	Жамбыл облысы	Батыс Қазақстан облысы	Қарағанды облысы
Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясынан сайланған әкімдер саны	2	1	0	0	1	1	0	1
«Адал» саяси партиясынан сайланған әкімдер саны	1	1	0	1	2	1	0	1
Қазақстан Халық партиясынан сайланған әкімдер саны	3	1	0	0	1	1	0	0
Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан сайланған әкімдер саны	0	0	0	0	0	0	1	0
Өзін-өзі ұсынған кандидаттардан сайланған әкімдер саны	14	2	11	2	2	3	7	14

Кандидаттарға қойылған сұрақтар мен көтерілген мәселелерде өңірдегі ерекшеліктерге байланысты әралуандылық бар. Қазақстанның солтүстік аймақтарында ауыларалық жолдардың сапасы өзекті тақырыптардың бірі. 30-40 жыл бұрын салынған жолдардың тозығы жеткен. Күрделі жөндеуді талап етеді. Халықтың жергілікті билікке, әкімшілік пен сайлауға түсіп жатқан кандидаттарға қояр басты талаптарының бірі ауданаралық, ауыларалық жол мәселесін шешу.

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде халықтың тығыз орналасуына байланысты жұмыссыздық басым. Халықтың кандидаттарға қойған талаптары мен сұрақтарының бірі жаңа жұмыс орындарын ашу.

Ауыл әкімдерін сайлаудағы тағы бір көрінісі сайлау өтіп жатқан кейбір ауылдарда бұрын әкім болған азаматтар қайта сайлауға түсуде. Бұл процесс халық арасында ескі тағайындалған әкімдердің қайта сайлануы ештеңені өзгертпейді деген көзқарастардың да туындауына әсер еткенін айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасында жалпы саны 2346-ға жуық ауыл әкімі бар. 2021 жылдың соңына дейін Қазақстан бойынша 775 ауыл әкімі сайланады. Елімізде кең масштабта алғашқы әкімдерді сайлау процесі 2021 жылдың үшінші тоқсанында 730 ауыл әкімдерін сайлаумен іске асты. Қалған ауыл әкімдері өз өкілеттіктерінің аяқталуына байланысты кезең-кезеңімен сайланып отырады.

4-кесте. Орталық сайлау комиссиясының мәліметтеріне сәйкес Қазақстандағы алғашқы ауыл әкімдері сайлауының қорытындысы (№2 кестенің жалғасы)

Партиялар атауы	Қостанай облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы	Павлодар облысы	Солтүстік Қазақстан облысы	Түркістан Облысы
Сайлау өткен округтер саны	65	40	10	44	71	60
Сайлауға қатысқан кандидаттар	147	122	25	135	214	166
«Nur Otan» партиясынан сайланған әкімдер саны	52	30	8	34	55	47
«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан сайланған әкімдер саны	2	2	0	2	3	18
Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясынан сайланған әкімдер саны	2	0	0	1	2	3
«Адал» саяси партиясынан сайланған әкімдер саны	2	2	1	1	1	5
Қазақстан Халық партиясынан сайланған әкімдер саны	0	1	0	0	3	2
Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан сайланған әкімдер саны	0	0	0	0	0	2
Өзін-өзі ұсынған кандидаттардан сайланған әкімдер саны	7	5	1	6	7	89

Орталық сайлау комиссиясы деректері келтірген кестеден көріп отырғанымыздай Қазақстандағы ауыл әкімдерін сайлаудың бір ерекшелігі өзін-өзі ұсынған кандидаттардың көп болуы. Бұл саяси партиялардан бөлек азаматтық қоғам белсенділігінің артып келе жатқандығының бір көрінісі. Өзін-өзі ұсынған заматтардың сайлауда жеңіп шығуы ауыл-аймақтағы ерекшеліктерге де тікелей байланысты. Өңірлерде сайлауға түскен кандидаттардың атқарған жұмыстары, ауылдағы абыройы мен беделі сайлау нәтижесіне тікелей әсер ететін факторлардың бірі.

Ауыл әкімдері сайлауы ерекшеліктерінің бірі Парламенттік партиялар «Ақ жол» мен «Қазақстан халық партиясына» қарағанда «Ауыл» мен «Адал» партиялары тарапынан ұсынылған кандидаттардың аймақтарда көптеп жеңіске жетуі болып табылады.

Кез келген сайлау бұл келесі сайлауға дайындық. «Ауыл» мен

«Адал» партияларының ауыл әкімдерін сайлауда екінші және үшінші орында келуі келесі Парламент сайлауына әсер етеді деп болжауға толық негіз бар. Себебі, барлық сайлауларға сол жергілікті жердегі халық та дауыс беріп, толық қатысады.

Ұсыныстар мен қорытындылар

Қазақстанда президент бастамасымен саяси реформалар іске асып жатыр. Бұл еліміз үшін қажетті әрі стратегиялық өзекті реформалар. Олардың қатарында партиялардың Парламентке өту шегін азайту, сайлау бюллетенынде «барлығына қарсымын» тармағының енгізілуі, бейбіт митингке шығуда жергілікті басқару органдарын хабардар ету форматына көшу, 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерін, 2024 жылдан пилотты түрде аудан әкімдерін сайлауға көшу сынды маңызды реформалар бар.

Бұл реформалардың барлығы саяси партиялар арасындағы бәсекені дамытатын, демократия мен өркениетті азаматтық қоғамға бастайтын оң бастамалар. Әлемдегі өркениетті елдердің тәжірибесіне сүйенсек демократия дегеніміз ең бірінші кезекте заң мен тәртіп, процедура мен жан-жақты зерттелген саяси реформаны іске асырудың тәжірибесінен келіп шығады. Қазақстан шарттарында демократияның ажырамас элементі саяси партиялар болып табылады. Саяси партиялардың белсенділігі, мемлекеттік мүддемен үндескен бәсекесі елімізді өркениетті дамуға бастайтын басты қадамдардың қатарына жатады. Сонымен бір мезгілде Түркия, Англия, АҚШ, Франция сынды елдердің даму тарихына қарай отырып, Қазақстан мемлекеттік мүдде мен елдікті сақтайтын шарттардан ауытқымай демократияны кезең-кезеңімен іске асыруы тиіс. Бұл Қазақстанды өркениетті азаматтық қоғам мен сауатты демократияға бастайтын тура жол болмақ.

Қазақстанда өткен ауыл әкімдері сайлауының нәтижелерін сараптай отырып реформаның одан әрмен сәтті іске асуы үшін келесідей ұсыныстар беріледі:

Біріншіден, ауыл әкімін сайлау реформасының сәтті іске асуы ең бірінші кезекте бюджетке байланысты. Қазақстанның солтүстік бөлігінде халқының саны мыңнан аспайтын ауылдар кездеседі. Ауыл бюджетіне келіп түсетін салықтың мөлшері аз. Осындай шағын ауылдардың бюджетін қарастыруда мемлекет тарапынан қосымша қаржы бөлінсе, оның тетіктері қарастырылса ауыл әкімдерін сайлау реформасы өзінің оң нәтижесін толық көрсететін болады.

Екіншіден, Қазақстанның оңтүстік өңірінде халқының саны 40-50 мыңнан асатын ауылдар кездеседі. Солтүстік аймақтарда

керісінше ауыл халқының саны аз. Бірақ екі өңірде де ауыл әкімшілігінде қызмет ететін мамандар саны көп жағдайда бердей. Алдағы уақытта ауыл әкімшілігіндегі мамандар саны сол ауыл халқының санына сай бөлінсе бұл жергілікті жердегі мемлекеттік қызмет сапасының артуына тікелей әсер ететін фактор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // URL:https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (қаралған мерзімі: 20.10.2021)
2. Зотова З.М. Политические партии России: Организация и деятельность. Москва: Российский центр обучения избирательным технологиям, 2001. – С.112.
3. Қ.Асылыов «Қазіргі замандағы Қазақстанның саяси партиялары». Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы стратегиялық зерттеулер институты, 2019. – 244 бет
4. Сергазин Е.Ф. «О местном самоуправлении в Республике Казахстан» // Журнал «Самоуправление». февраль 2016. – С.42.
5. «Қазақстан Републикасының сайлау туралы» заңы // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464> (қаралған мерзімі: 20.10.2021)
6. Ауыл әкімдерін сайлау қалай өтіп жатыр? // URL:<https://strategy2050.kz/news/auyl-kimderin-saylau-alay-tip-zhatyr/> (қаралған мерзімі: 15.10.2021)
7. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау қорытындылары туралы // URL:https://www.election.gov.kz/kaz/r-saylau-zh-ne-referendum-zh-n-deg-a-parat/akim/itogi_1_kaz.php (қаралған мерзімі: 10.10.2021)

REFERENCES:

1. «Zhana jagdaidagy Qazaqstan: is-qimyl kezeni» Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevty-n Qazaqstan halqyna Joldauy [President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address «Kazakhstan in a New Reality: Time for Action»] // URL:https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (Accessed: 20.01.2021).
2. Zotova Z.M. Politicheskie partii Rossii: Organizasiya i deyatelnost [Political Parties of Russia: Organization and Activity]. – Moskva. Rossiiskii sentr obucheniya izbiratelny-n tehnologiyam, , 2001g. p.112
3. Q.Asylov .Qazirgi zamandagy Qazaqstannyn saiyasi partiyalary [Political parties of modern Kazakhstan].– Nur-Sultan: Qazaqstan Respublikasy Prezidenti janyndagy strategiyalyq zertteuler instituty, 2019. –244 p.
4. Sergazin E.F. O mestnom samoupravlenii v Respublike Kazahstan [On local self-government in the Republic of Kazakhstan] // Jurnal «Samoupravlenie» [Self-government]. –fevral, 2016.– P.42
5. «Qazaqstan Respublikasynyn sailau turaly» zany [The Law "On

Elections of the Republic of Kazakhstan"] // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464> (Accessed: 20.10.2021).

6. Ауыл акимдерін сайлау қалай отыр жатыр // URL:<https://strategy2050.kz/news/auyl-akimderin-saylau-alay-tip-zhatyr> / (Accessed: 15.10.2021).

7. Аудандық manyzy бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің акимдерін сайлау қорытындылары туралы // URL:https://www.election.gov.kz/kaz/r-saylau-zh-ne-referendum-zh-n-ndeg-a-parat/akim/itogi_1_kaz.php (Accessed: 10.10.2021).